

## МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ .....	2
Айрықша жағдайлар.....	2
Мектепке қабылдау ережесіне өзгеріс енгізу .....	3
МЕКТЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ.....	3
Жас ерекшеліктеріне қойылатын талаптар.....	3
Қабылдау тәртібі.....	4
Тестілеу.....	4
Балабақша.....	4
Бастауыш мектеп.....	5
Мектепалды.....	5
1 сынып.....	5
2-5 сынып.....	5
Орта мектеп.....	6
Дипломдық бағдарлама.....	6
Күту қағазы.....	9
Бейімделу кезеңі.....	9
Сынақ мерзімі.....	9
Оқушыларға арналған арнайы бағдарлама.....	9
МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ .....	10
Оқушыларды қабылдау офисінің жетекшісі.....	10
Бастауыш/орта мектептің директоры немесе орынбасары.....	10
Мектеп директоры.....	10
Психолог.....	11
Мектеп дәрігері.....	11
Кадрлар инспекторы.....	11
Сынып жетекшісі.....	11
Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар.....	11
<b>1-қосымша.</b> Студент туралы ақпарат.....	11
<b>2-қосымша</b> Тестілеу қорытындылары.....	11
<b>3-қосымша</b> Мектеп құжаттарымен таныстыру Үлгісі.....	11
<b>4-қосымша</b> Студенттің денсаулық картасы.....	11
<b>5-қосымша</b> Тәрбиелеу/оқытуға жасалған келісім және оқытуға қойылған тарифтер.....	11

## Алматы қ. Халықаралық «Мирас» мектебі

### Мектептің мүддесі

Халықаралық «Мирас» мектебі - CIS халықаралық ұйымымен аккредиттелген ІВ мектебі. Мектеп халықаралық және ұлттық білім беру стандарттарын кіріктіру негізінде оқушыларды көптілді сапалы біліммен қамтамасыз етеді. «Мирас» түрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрін түсінетін және құрметпен қарайтын, белсенді өмірлік көзқарасы бар, әлемді жақсартуға тырысатын, өмір бойы білім алуға әзір студенттерді тәрбиелейді.

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қабылдау саясаты Халықаралық «Мирас» мектебінде (MIS) оқығысы келетін, түсу үшін тең мүмкіндіктері болатын балаларды қамтамасыз етуге бағытталған. «Мирас» мектебіне оқу бағдарламасын қабылдай алатын оқушылар қабылданады. Оқуда қиындықтары бар (SEN) студенттер «Мирас» мектебінің SEN саясатына сәйкес мектепке қабылданады.

Халықаралық «Мирас» мектебі білім беру қызметін үш тілде ұсынады және ағылшын тілін мектепшілік қарым-қатынас тілі ретінде әрекет ететін көптілді орта құруға ұмтылады. MIS мектеп қауымдастығы қарым-қатынас жасайтын тілдердің алуан түрлілігін бағалайды. Мектепте оқытылатын тілдер тізіміне ана тілі енгізілмеген студенттер мүмкіндігінше әртүрлі кеңестер мен қолдаулар ала алады.

Оқуға қабылдау төмендегілердің негізінде жүзеге асырылады:

- Оқуға түсу тестілеуінің нәтижелері;
- Алдыңғы оқу орнындағы оқуы туралы мәліметтер;
- Сұхбат нәтижесі;
- Мектептің психолог-мұғалімінің ұсынысы (балабақшаға, мектепалды және бірінші сынып оқушыларына қажет);
- сыныпта бос орынның болуы (сыныптағы оқушылар саны 22-ден аспауы керек).

Студенттер «Мирас» мектебінің нақты сыныбына жас ерекшелігіне және алдыңғы оқыған оқуына қарай оқуға қабылданады.

Мектепке қабылдау ағымдағы оқу жылының 20-тамызынан 15-маусымына дейін жүзеге асырылады. Сонымен қатар, студенттердің көпшілігі маусым-тамыз айларында немесе бірінші тоқсанның басында тестілеуден өтеді. Алайда, оқушы бос орын болған жағдайда оқу жылы барысында мектепке қабылдана алады.

Оқуға түсу тестілеуінің қорытындылары бойынша бастауыш және орта мектеп директоры, бағдарлама үйлестірушілері мен кафедра меңгерушілерінің келісім бойынша кандидатты мектепке қабылдау туралы шешімін қабылдайды. Аталған ұсыныстардың негізінде мектеп директоры ең соңғы болып табылатын шешімін қабылдайды.

### Айрықша жағдайлар

Тестілеуден жақсы өткен және бос орын болған жағдайда оқуға қабылдану құқығы басым болатындар:

- Оқушының ата-анасы келісімге сәйкес Қор мектептерінің мұғалімдері болса;
- Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру қоры мектептерінің студенттері (тек ағылшын тілі бойынша тестіленеді);
- Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру қорымен аффилиирленген ұйым қызметкерлерінің балалары;
- Алматы қ. «Мирас» мектебінде отбасынан екі және одан да көп балалары оқып жатқан отбасынан шыққан оқушылар.

Басым құқықпен оқуға қабылдау туралы шешімді мектеп директоры қабылдайды.

Кейбір сыныптарға қабылдау келесі шарттар бойынша шектеулі:

### **9-10 сыныптардың оқушылары**

**Орыс/қазақ тілді Бағдарлама бойынша 10-11 сыныпқа тек 9 сынып бағдарламасын ойдағыдай аяқтап,**

негізгі орта мектеп курсы бітіргені туралы куәлік алған оқушылар ғана қабылданады.

Мектеп **Ағылшын тілінде оқитын қазақстандық 9-сынып оқушыларына** мемлекеттік үлгідегі 9-сыныпты бітіргені үшін куәлікті алу мақсатында негізгі орта мектеп курсы бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыруға кеңес береді;

Ерекше жағдайда, Full MYP сертификатын алу үшін Full eAssessment емтихандарын тапсыруға ата-аналары рұқсат сұраған оқушыларға рұқсат етілуі мүмкін. Мектеп әкімшілігімен мақұлдануға тиісті өтініш (желтоқсан-қаңтар айларында) 9-сыныптың желтоқсан айынан кешіктірілмей берілуі керек. Егер үлгерімге қатысты проблемалар болса, мектеп әкімшілігі сұранысты қабылдамауы мүмкін.

**MYP сертификатын алуға қойылатын талаптар (8 компонент):**

Жеке жоба;

2 электронды портфолио: француз тілі, дене тәрбиесі / өнер;

5 электронды емтихан: ағылшын тілі, математика, Science пәні, Humanities пәні, пәнаралық пән.

Егер мектеп әкімшілігі ата-ана өтінішін мақұлдайтын болса, онда оқушы 10-сынып бағдарламасын бастамас бұрын тамыз айында **француз тілінен тест** тапсырады. Студент пән бойынша бір жылдық оқу мерзіміне барабар француз тіліндегі материалды меңгеруі тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматы емес студенттер Full MYP сертификатын немесе халықаралық үлгідегі үлгерім табелін алуға мүмкіндік беретін курста оқу үшін толық eAssessment емтиханын тапсыруға құқылы. eAssessment емтиханына қабылдау туралы соңғы шешімді мектеп директоры педагогикалық кеңестің ұсыныстарына сүйене отырып қабылдайды.

1-қазаннан кейін 9-сыныпқа қабылданған оқушылар 10-сыныптың соңында MYP сертификатын және халықаралық үлгідегі үлгерім табелін ала алмайды. Бұл студенттерге тек мектеп үлгісіндегі құжаттар беріледі.

### **10-сынып оқушылары**

**10-сынып оқушылары** eAssessment емтиханына дайындалуға байланысты **30-қыркүйектен кейін** қазақ / орыс тілдерінде оқитын 10-сыныптан ағылшын тілінде оқитын 10-сыныпқа ауыса алмайды.

### **11-сынып RTS/KTS (орыс/қазақ бөлімдері)**

• Орыс тілінде оқитын Бағдарламаның 11-сыныбына студенттер 5 қыркүйектен кешіктірілмей қабылданады.

### **Дипломдық бағдарлама бойынша 11-12 сынып студенттері**

- Дипломдық бағдарлама бойынша 11-сыныпқа студенттер 1 қазаннан кешіктірілмей қабылданады.
- ДБ бойынша авторизацияланған мектепте және Мирас мектебінде ДБ бойынша оқуға ұсынылатын пәндер бойынша курсты жақсы өткен болса, оқушы Дипломдық бағдарламаға 11 сыныптың басынан келмесе де, оқуға қабылдана алады.
- Толық емес Дипломдық бағдарлама студенттері. Егер студенттер Дипломдық бағдарламаның толық курсы аяқтай алмайтын болса (6 пән және 3 қосымша жұмыс түрі), онда олар Дипломдық бағдарламаның толық емес курсы таңдап, Толық емес Дипломдық бағдарламаның студенттері бола алады. Олар барлық 6 пәнді емес, осы бағдарлама бойынша реттелетін 2 ден 5 пәнді таңдай алады. Сонымен қатар, олар қосымша 1 немесе 3 жұмыс түрін (ғылыми-зерттеу жұмысы - ЕЕ, Таным теориясы курсы - ТОК, Шығармашылық. Әрекет. Қызмет ету - CAS) таңдай алады немесе олардан бас тарта алады.

## ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

### Жас ерекшелігіне қойылатын талаптар

Балабақшаның кіші тобына қабылданатын баланың жасы 1-қарашаға дейін 3-ке толуы тиіс. Мектепке қабылданатын балаға қойылатын талап төменде кесте түрінде берілген. Сондай-ақ оқушылар келесі деңгейге оқуға қабылдануы үшін алдыңғы курсты аяқтауы тиіс. Оқушы оқу жылының екінші жартысында (қаңтардан кейін) бір деңгейге төмен сыныпқа қабылдануы мүмкін (бұл әсіресе Оңтүстік жартышар елдері мектептерінде оқып келгендерге қатысты).

Бір деңгей жоғары сыныпқа қабылдануы үшін оқушы аталған сыныптың бағдарламасы бойынша тестілеуде өзінің жақсы білімін, сол деңгейге сәйкес дамыған қатысымдық машықтарын иемденгендігін көрсетуі, медициналық жақтан қайшы көрсеткіштерінің болмауын көрсете білуі шарт. «Мирас» мектебінде бекітілген «Сыныпқа қабылдау туралы» ережеге сәйкес келмейтін шешім ережеден тыс ерекшелік болып табылады және оны мектеп директоры бастауыш/орта мектеп бойынша орынбасарымен келісе отырып қабылдайды.

### Қабылдау тәртібі

#### Студенттердің жас ерекшеліктері және сәйкес сынып/топ

1-қараша бойынша жас ерекшелігі	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	5	16	17
	Бастауыш мектеп							Орта мектеп							
Сынып	Орта топ	Ересек топ	Мектепалды	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	12 сынып

Оқушыларды қабылдау бөлімі жаңа студенттерді мектепке қабылдаудың барлық рәсімдерін ұйымдастыруға жауап береді.

№	Әрекеттер тәртібі	Жауаптылар
1	Ата-ана мектеп және бағдарламалар, оқыту тарифтері туралы ақпарат алады	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі
2	Ата-ана мектепке келу уақытын алдын ала келістіреді	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі
3	Ата-ана ақпараттық үлгілерді толтырады. Тестілеу болатын күн алдын-ала келістіріледі	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі
4	Ата-ана мен оқушы мектеп директорымен, директордың бастауыш/орта мектеп жөніндегі орынбасарларымен кездеседі	Мектеп директоры, директордың бастауыш/орта мектеп жөніндегі орынбасарлары ( <b>қажеттілігіне</b>
5	Оқушы тестілеуден өтеді (мектеп бухгалтериясына тестілеудің төлемақысы төленген соң)	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі, бастауыш/орта мектеп директорының орынбасары
6	Тестілеу нәтижесі мен үміткер туралы құжаттарды офис жетекшісі мен директордың орынбасары қарастырады.	Мектепке қабылдау офисінің Жетекшісі, мектеп директорының бастауыш/орта мектеп жөніндегі
7	Қажеттілігіне қарай үміткер психолог маманымен қосымша тестілеуден өтеді.	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі, мектептің психологі
8	Үміткерді мектепке қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылданады	Мектеп директорының бастауыш/орта мектеп жөніндегі орынбасарлары.
9	Ата-ана тестілеуден кейін 5 күн ішінде қабылданған шешім туралы хабардар етіледі	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі
10	Егер бала мектепке қабылданса, ата-ана тізімге сәйкес барлық қажетті құжаттарды алып келеді (медициналық картаны қоса), осы мектепте оқитын ниетін растайтын сәйкес үлгіні толтырады	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі, мектеп дәрігері
11	Ата-ана мектеп саясаты және тәртібімен танысады	Мектепке қабылдау офисінің Жетекшісі (веб-сайт, ата-аналарға)
12	Ата-ана білім/тәрбие беруге жасалған келісімшартқа қол қояды, түсу жарнасы мен баланың оқу ақысын төлейді.	Мектепке қабылдау офисінің жетекшісі

### Балабақшаға қабылдау тәртібі

- Ата-ана мен бала балабақша үйлестірушісімен кездеседі, бағдарлама туралы ақпарат алады
- Балабақша үйлестірушісі баланың отбасын балабақшамен және тәрбиешімен (топта)

таныстырады.

- Барлық балалар қабылданар кезде психолог пен логопедпен әңгімелесуден өтеді (логопед 4 жасар балалармен әңгімелеседі)
- Сұхбаттасу ақпараты балабақша үйлестірушісіне жіберіледі
- Балабақша үйлестірушісі баланы балабақшаға қабылдау туралы ұсынысын береді
- Мектеп директоры қабылдау туралы шешім қабылдайды

Алғашқы күндері, бейімделу кезеңінде баланы топта жарты күнге қалдыруға болады

## **Бастауыш мектеп**

### **Мектепалдыға қабылдау тәртібі**

- Ата-ана мен бала мектепалды үйлестірушісімен кездеседі, бағдарлама туралы ақпарат алады
- Мектепалды үйлестірушісі отбасын мектепалды мен мұғаліммен (топта) таныстырады
- Барлық балалар қабылданар кезде математика және қазақ, орыс немесе ағылшын тілдердің бірінде тестілеуден өткізіледі
- Үйлестіруші, психолог, логопед баламен кездеседі. Мектепалды үйлестірушісі ақпаратты жинастырады, баланы қабылдау туралы форманы толтырады да баланы мектепалдыға қабылдау туралы ұсынысын береді
- Бастауыш мектеп директоры мектеп директорына баланы мектепалдыға қабылдау туралы ұсынысын береді
- Мектеп директоры қабылдау туралы шешім қабылдайды

### **1-сыныпқа қабылдау тәртібі**

- Психолог пен логопед баламен кездеседі. Психолог ақпаратты жинастырады, оны бастауыш мектеп директорына береді.
- Оқушылар түсу тестілеуін математика мен ағылшын тілі бойынша (ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын оқушылар үшін), ана тілі (оқу жүргізілетін тіл) - қазақ, орыс немесе ағылшын тілдердің бірінде өткізеді
- Бастауыш мектеп директоры ақпаратты жинастырады
- Бастауыш мектеп директоры мектеп директорына баланы мектепке қабылдау туралы ұсынысын береді
- Мектеп директоры 1-сыныпқа қабылдау туралы шешім қабылдайды

Оқуға қабылдану үшін білім деңгейі 60%-дан кем болмайтындай көрсетілуі тиіс

### **2-5 сыныптар**

Оқушылар түсу тестілеуінен өтеді:

- математика бойынша («Мирас» мектебінде оқу жүргізілетін тілдердің бірінде: қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде)
- қазақ және орыс тілі бойынша (Қазақстан оқушылары үшін)
- ағылшын тілі бойынша (барлық түсушылер үшін)

Оқуға қабылдану үшін білім деңгейі, ағылшын тілін қоса алға отырып 60%-дан кем болмайтындай көрсетілуі тиіс.

Бастауыш мектептің ағылшын тілінде оқитын сыныптарына оқушыларды қабылдау. «Мирас» мектебінің оқыту тілдерін (ағылшын, орыс немесе қазақ) білмейтін, сондықтан да оқу бағдарламасында орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде оқи алмайтын шетелдік студенттер мектеп директорының қарастыруы бойынша қабылдау емтиханын тапсырмай сынақ мерзімімен мектепке қабылдана алады. Оқушы алдыңғы оқу орнындағы академиялық үлгерімі туралы анықтамасын (ағылшын тілінде) ұсынуы тиіс. Аталған шарт бойынша қабылданған студенттерге ағылшын тілін үйрету мақсатында Ағылшын тілін қолдау қызметі көмек көрсетіледі.

Шетелден оралған немесе отбасы шетелге жұмыс істеуге шақыртумен кетуді жоспарлаған қазақ студенттері мектепке сынақ мерзімінде жасына және деңгейіне сәйкес ағылшын тілінде оқитын сыныпқа қабылдануы мүмкін. Олардың ағылшын тілін үйренуіне Ағылшын тілін қолдау қызметі қолдау көрсетеді.

## Орта мектеп

Оқушылар түсу тестілеуінен өтеді:

- ағылшын тілі және ағылшын тіліндегі математика бойынша (ағылшын тілінде оқитын сынып)
- орыс тілі, орыс және ағылшын тіліндегі математика (орыс тілінде оқитын сынып)
- қазақ тілі, қазақ және ағылшын тіліндегі математика (қазақ тілінде оқитын сынып)
- 

Барлық оқушылар бағдарлама жүргізілетін оқу тілін білім алуға мүмкіндік беретін деңгейде меңгеруі тиіс. Түсу тестілеуі тілдерді білу деңгейін анықтауға бағытталған.

Оқуға қабылдану үшін тілдік тестілер (ағылшын, қазақ, орыс тілдері) бойынша білім деңгейі 60%-дан кем болмайтындай деңгей көрсетілуі тиіс. Тілдік тестілер бойынша 50% -дан 59% -ға дейін көрсеткен оқушылар әңгімелесудің қорытындысы бойынша мектепке сынақ мерзімімен мектепке қабылдана алады. Ағылшын тілінде жақсы оқуға тілдік дайындығы жеткілікті студенттер үшін арнайы ESL тілдік бағдарламасы әзірленді, ол арқылы тілді одан әрі жетілдіру жүзеге асырылады.

Қазақстандық білім беру бағдарламасы бойынша 11-сыныпқа қабылдау оқушының орта мектептегі оқыған тілі (орыс немесе қазақ), ата-анасының өтініші және толық емес орта білімі туралы аттестаты немесе МҮР сертификаты негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстандық бағдарлама бойынша 11-сыныпта оқуын жалғастырғысы келетін ағылшын тілінде оқитын 10-сынып оқушылары орта мектеп директорымен немесе оның орынбасарымен әңгімелесуден өтуі керек.

Қазақстан Республикасының азаматы емес студенттер ағылшын тілін ана тілі (бірінші тіл) ретінде үйренеді (А тілі). Оларға сондай-ақ бір/екі қосымша В тілі - қазақ, орыс немесе француз тілдерін таңдау мүмкіндігі беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, бірақ 2 жылдан бері Қазақстанда тұратын студенттер екінші тіл ретінде (В тілі) қазақ тілін үйренуі керек.

## Дипломдық бағдарлама



«Мирас» мектебінің Дипломдық бағдарламасы бойынша оқығысы келетін студенттер келесі талаптарға сәйкес келуі және келесі рәсімдерден өтуі керек:

### 1. Бағалауға қойылатын талаптар

Үміткер Дипломдық бағдарламаға түсу үшін келесі бағаларға ие болуы керек:

- a. МҮР бағдарламасы бойынша:
  - i. ең төменгі ұпай - барлық пәндер бойынша 7 ұпайдан 4 ұпай алу (репорттар, eAssessment емтихан);
  - ii. математика (5-топ) және жаратылыстану ғылымдарын (4-топ) (бұл пәндер үшін үміткерге тек 6 ұпай жинау керек) қоспағанда, студент жоғары деңгейде (HL) оқуды таңдаған пән бойынша 7 ұпайдан кем дегенде 5 ұпай алу (репорттар, e-Assessment емтихандары)
- b. GCSE орта мектепті бітіргені туралы аттестат / IGCSE орта мектепті бітіргені туралы халықаралық аттестат :
  - i. барлық таңдалған пәндер бойынша C-дің ең төменгі ұпайы;
  - ii. студенттің Дипломдық бағдарлама аясында жоғары деңгейде (HL) оқуды таңдаған пәндер бойынша B-дің ең төменгі ұпайы;
  - iii. Мектеп директоры / директордың орынбасары / Дипломдық бағдарлама үйлестірушісінің шешіміне қарай минималды бағалау талаптарын орындамаса, студенттер 6 апталық сынақ мерзіміне жазыла алады. Бұл туралы жоғарыда а және б тармақтарында айтылды.

Төмен ұпайы бар немесе басқа мектептерден келген студенттер Science және Humanities бойынша түсу емтихандарын тапсырады.

### 2. Керекті құжаттар

Басқа мектептерден келген студенттерге:

- 10-сыныпты бітіргенін немесе оның деңгейінің 10-сыныпқа сәйкес келетіндігін растайтын құжаттарды (мектеп директорының хаты, мінездеме және т.б.) ұсынады, мысалы: Британдық жүйе бойынша 11-сынып;
- «Мирас» мектебінің өтініш үлгісін (бланкісін) толтырады;

«Мирас» мектебінің оқушылары Дипломдық бағдарлама үйлестірушісіне емтихан тапсыратын мерзімнен бір апта бұрын DP бағдарламасына түсу тестін тапсыруды жоспарлағаны туралы хабарлауы керек.

### 3. Түсу емтихандарын тапсыру

Барлық үміткерлер келесі пәндер бойынша міндетті тестілеуден өтуі тиіс:

- **Ана тілі** (Ағылшын, орыс тілі)
  - 1-бөлім: әдеби шығармаларды талдау
  - 2-бөлім: эссе
- **Ағылшын тілі екінші тіл ретінде (ESL)**
  - 1-бөлім: мәтінді түсінуіне берілетін тапсырмалар
  - 2-бөлім: эссе
  - 3-бөлім: ауызша қабылдау (А ағылшын тілі мұғалімі (DP бағдарламасы) немесе А ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі бағалайды)

- Математика

## Дипломдық бағдарламадағы емтихан қабылдау уақыты мен орны

Халықаралық «Мирас» мектебінің Диплом бағдарламасына оқуға түсу емтиханы сәуірдің екінші жартысында және тамыздың екінші жартысында ұйымдастырылады. Сәуір айында бір немесе бірнеше пәннен тестілеуден өтпеген студенттерге тамыз айында қайта тапсыруға рұқсат етіледі. Кейбір жағдайларда (әртүрлі отбасылық жағдай) жеке тестілеуді ұйымдастыруға болады. Мәселен, Алматыға оқу сапарымен келген шетелдік студенттер үшін немесе шетелде оқып жүрген және келесі жылы оқуын «Мирас» мектебінде жалғастыруды жоспарлаған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін тест ұйымдастыруға болады.

Алматы қ. «Мирас» мектебінде тест тапсыра алмайтын оқушыларға емтихан барлық ережелерге сәйкес өткізілген жағдайда, өздері оқып жүрген мектепте түсу тестілеуін тапсыру мүмкіндігі беріледі. Емтихан мәтіндері (жауаптар, студенттердің жазбалары) сканерден өткізіліп, электронды пошта арқылы Дипломдық бағдарлама үйлестірушісіне жіберіледі; жазбаша жауаптары бар парақтар (жұмыстың түпнұсқасы) «Мирас» мектебіне соңғы емтиханды тапсырғаннан кейін бірден жіберіледі.

### 4. Сұхбат

«Мирас» мектебі емтихан нәтижелері сәйкес келмеген жағдайда, оқушы үшін Дипломдық бағдарламаның үйлестірушісімен немесе орта мектеп директорымен сұхбат ұйымдастыра алады. Бұл - студентке өз білімін көрсетуге және тест нәтижелеріндегі қайшылықтарды нақтылауға берілетін мүмкіндік.

### 5. SLT шешімі

Дипломдық бағдарламаға қабылдау туралы өтініштерді қарау үшін мектеп директорының, ДР және МҮР үйлестірушілерінің қатысуымен өткізілетін орта мектеп әкімшілік құрамының мәжілісі шақырылады. Осы кеңесте қабылданған шешім түпкілікті болып табылады.

### 6. Сынақ мерзімі

Оқуға түсудің бір шарты ретінде, SLT сынақ мерзімінің сәйкес ұзақтығы туралы шешім қабылдауы мүмкін. Бұл жалпы немесе нақты критерийлерге негізделген сынақ мерзімі болуы мүмкін. Дипломдық бағдарлама мұғалімдері студенттердің сынақ мерзімінен қалай өтіп жатқандығы туралы пікірлерін SLT-мен ортаға салу үшін жиналады. Соңғы шешімді қабылдау SLT еншісінде қалады.

### 7. Бағдарламаны таңдау

Тест нәтижелерін қарастырғаннан кейін мектеп әр оқушыға сәйкес оқу бағдарламасын ұсынады. Студентке Дипломдық бағдарламаның толық курсынан өтуге, Сертификат бағдарламасын ұсынуға немесе орыс тілінде оқытылатын сыныпта оқуға рұқсат етіледі. Егер талапкердің ағылшын тілін білу деңгейі осы бағдарламаның талаптарына сәйкес келмесе, студенттің диплом бағдарламасына қабылдау туралы өтініші қабылданбауы мүмкін.

### 8. Таңдау пәндері

Дипломдық бағдарламаға немесе толық емес дипломдық бағдарламаға түскен студенттер оқу үшін пәндерді тандап, таңдаған пәндерін арнайы нысанда көрсетуі керек. Студенттер кейбір жағдайларда

мектеп барлық таңдалған курстарға қатыса алатынына кепілдік бермейтінін есте ұстауы керек. «Мирас» мектебі барлық студенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға тырысады, алайда нақты кесте құру үшін кейбір оқушылардан басқа пәнді таңдауды ұсынуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанның барлығын ескере отырып, соңғы шешім шығару әкімшілік еншісінде қалады. Негізгі және шет тілдерін таңдау мектептің Тіл саясатының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады (Мектептің Тіл саясаты, №3 қосымша).

#### 9. Бағдарламаның негізгі компоненттері

CAS (шығармашылық, әрекет, қызмет ету) бағдарламасы барлық студенттерге міндетті, ал ТОК (Таным теориясы) және ЕЕ (ғылыми-зерттеу жұмыстары) аяқталмаған бағдарламамен айналысатын студенттерге ұсынылады. Магистратура бағдарламасында оқитын студент ТОК бағдарламасын сәтті аяқтаған және ЕЕ жазған жағдайда қосымша 3 ұпай жинай алады. Негізгі компоненттердің ешқайсысы сертификат берілетін бағдарламаға қабылданған студенттердің қорытынды бағасына әсер етпейтінін ұмытпаған жөн.

#### 10. Өз бетінше оқуға арналған ана тілі бағдарламасы (self-taught)

«Мирас» мектебі мектеп қауымдастығының мүшелері қолданатын тілдердің алуан түрін бағалайды және құрметтейді. Ана тілі мектептің негізгі тілдері ретінде оқылмайтын оқушыларға ұсыныстар мен кеңестер беріледі. «Мирас» мектебі ата-аналарға сәйкес мұғалімдерді табуға көмектеседі және курстар ұсынады. Мұндай курстарға сұраныс бойынша мектеп сыныптары ұсынылуы мүмкін.

Алайда, мектептен тыс жерлерде өткізілгенде, мұндай сабақтардың басқа да нұсқасы болуы мүмкін. Кез-келген қосымша шығындар (мысалы: мектептен тыс мұғалімдерге ақы төлеу) ата-аналардың / қамқоршылардың жауапкершілігінде болады. Әдетте, жалдамалы мұғалім Дипломдық бағдарламаның үйлестірушісін оқушының үлгерімі туралы үнемі хабардар етіп отыруы, сонымен қатар жылына төрт рет түсіндірме жазуы керек.

#### 11. Оқушыларды ауыстыру

ІВ-дің басқа мектебінде Дипломдық бағдарлама бойынша білім ала бастаған студенттердің бұрын оқыған пәндері Мираста оқытылатын болса, Халықаралық «Мирас» мектебі оларды оқуға қабылдайды. ІВ-дің басқа мектебінен ауысатын студенттер қабылдау емтиханын тапсырмайды. Сонымен бірге студенттер үлгерім туралы репорттарын және / немесе Дипломдық бағдарлама бойынша оқығанын растайтын алдыңғы мектебінің хатын көрсетуі тиіс.

Алдыңғы оқыған мектебіндегі ішкі бағалау нәтижесінде алған бағалары «Мирас» мектебінде есептелгенін қалайтын студенттер ІВ стандарттарына сәйкес толтырылған және супервайзерінің қолы қойылған барлық үлгілерді тапсырулары керек.

4-топтағы пәндер бойынша барлық зертханалық жұмыстар (оның ішінде 4-топтың бір пәні бойынша жоба) мұғалімнің қолымен рәсімделіп, қол қойылуы өте маңызды.

#### 12. Оқушыларды 12-сыныпқа ауыстыру

- a. Оқу жылының соңында 11-сынып оқушылары Дипломдық бағдарлама бойынша 1 жылға жоспарланған барлық жұмыстарын аяқтап, алты пән бойынша барлық бағалау жұмыстарын

және ІВ дипломына қойылатын басқа да талаптарды орындауы тиіс.

- b.** Бағдарламаның бірінші жылының соңында студенттердің атқарған жұмыстарының нәтижелері келесі талаптарға сәйкес болуы керек:
- i.** талаптарға сәйкес ЕЕ қаранобай нұсқасы (черновик) супервайзерге ұсынылуы қажет
  - ii.** CAS бағдарламасына қатысу үшін барлық құжаттарға (шығармашылық, әрекет, қызмет ету) CAS үйлестірушісі қол қоюы керек. Құжаттарда аяқталған және ағымдағы жұмыстардың нәтижелері көрсетілуі керек.
  - iii.** ТОК бойынша үлгерім деңгейі D бағасынан төмен болмауы керек.
  - iv.** Алты пән бойынша ең төменгі жиынтық ұпай – 24.
  - v.** Жоғары деңгейде (HL) таңдалған пәндер үшін «2» деген баға алуға рұқсат етілмейді
  - vi.** Стандартты деңгейде (SL) таңдалған пәндерде «2» белгісін бірнеше рет алуға рұқсат етілмейді.  
«3» немесе одан төмен бағаны үш реттен артық алуға болмайды
- c.** Жыл бойына сабаққа қатысу 80% -дан төмен болмауы керек.

Осы талаптарға жауап бермейтін үміткерлер кейбір пәндерді оқуды және Дипломдық бағдарламаның негізгі компоненттерімен (CAS, ТОК немесе ЕЕ) жұмыс істеуін тоқтатуға мәжбүр болады және Дипломдық бағдарламаның толық курсына аяқтаған студенттер санынан Дипломдық бағдарламаның толық емес курсына оқып жатқан студенттер санатына ауыстырылады. Мұндай жағдайда, мектеп әкімшілігі шешімді SLT отырысынан кейін қабылдайды.

### 13. Келісім

Ата-ана жоғарыда аталған «Мектепке қабылдау саясатын» оқып, қол қоюы керек. Осы құжатқа қол қойылғаннан кейін, олар «Мирас» мектебінің Дипломдық бағдарламасына түскенде баласы сақтауы тиіс болатын шарттарымен келіседі.

Дипломдық бағдарлама бойынша оқығысы келетін студенттер «Мирас» мектебінің Дипломдық бағдарламасы студенттеріне қойылатын талаптар туралы арнайы келісімшартты оқып, қолдарын қояды.

### Күту парағы

- Егер оқушы түсу тестілеуінен қажетті деңгейді көрсетсе, бірақ сыныпта оқуға қабылдау үшін бос орын болмаса, оқушы күту парағында қалуды жалғастырады. Орын беретін кезде тестілеу қорытындысы бір семестр барысында ескеріледі.
- Тестілеу қорытындысы төмен көрсеткіштер көрсеткен жағдайда оқушы түсу тестілеуін тек екі айдан кейін ғана қайта өте алады.
- Күту парағы жыл сайын 5 қазандағы жағдайы бойынша жаңартылады, ол ата-аналармен келістіріледі.

### Бейімделу кезеңі

Жаңа келген оқушыларға 4-6 апта барысында бейімделу кезеңі орнықтырылады. Осы кезең барысында сынып жетекшісі жаңа оқушының жаңа ұжымдағы оқу жетістіктері мен әлеуметтік бейімделуін қадағалап бақылайды, қажетті жағдайда студенттерге мектеп тарапынан қолдау көрсетіледі.

### Сынақ мерзімі

Өзірленген: сәуір 2005

Қайта қарастырылған: 2007, 2008, 2009, 2012, 2014, сәуір 2018, 2019

Келесі кезең: 2020

Оқуға түсу емтихандарының немесе әңгімелесулердің нәтижелері белгілі бір күмән туғызатын жағдайда, студент мектепке сынақ мерзімімен қабылдау негізінде жазыла алады. Бұл кезеңде сынып жетекшісі студенттің академиялық та, әлеуметтік те өсуін бақылайды. Студенттің өсіп келе жатқандығы туралы әзірленетін ай сайынғы есеп бастауыш мектептің директорына немесе орта мектеп студенттеріне тәрбие беру жөніндегі орынбасарына беріледі. Ата-ана баласына барлық талаптарды орындауға көмектесуге міндетті.

Сынақ мерзімі түсу тестілеуі қорытындысына қарай үш айға дейінгі мерзімге орнықтырылады. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін педагогикалық кеңес оқушыны оқуға қабылдау немесе оның сынақ мерзімін тағы да екі айға созу керектігін, немесе мектепке қабылдаудан бас тарту туралы ұсынысын жасайды. Шешімді педкеңес ұсынысы бойынша мектеп директоры шығарады және ол ең шешуші, ең соңғысы болып табылады. Сынақ мерзімінің соңында ата-аналарға мектеп әкімшілігінің шешімі ресми түрде хабарланады.

Сынақ мерзімінде студенттерге кеңестер, ұсыныстар беріледі, сонымен қатар белгілі бір пәндер бойынша өзіндік жұмыс тақырыптарының тізімін, жұмысты аяқтау мерзімдерін ала алады. Сынақ кезеңіндегі студенттердің жұмыс нәтижелері ай сайын бағаланады (бақыланады).

#### Оқушыларға арналған арнайы бағдарламалар

Мектеп білімінде, оқу дағдыларында айтарлықтай ақтаңдақтары бар, мүмкіндігі шектеулі студенттерге немесе арнайы кәсіптік білімге мұқтаж оқушыларға арнайы бағдарламаларды қарастырмаған. Студенттерге, қажет болса, ақтаңдақтарды жоюға қысқа мерзімді қолдау көрсетіледі, бірақ оқуда қиындық көретін оқушыларға берілетін көмек шектеулі.

#### Экстернат түріндегі оқыту

**Экстернат** – студенттің немесе мектеп оқушысының сабаққа үнемі қатыспай-ақ, тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен құжаттарға сәйкес, мектепте қашықтықтан оқыту және экстернат түрінде де білім алуға болады.

**Экстернат** түріндегі қашықтықтан оқытуды білім берудің барлық деңгейлерінде келесі жағдайларда ұсынуға болады:

- Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы бар білім алушыға;
- уақытша шетелде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары болып табылатын білім алушыларға (1 семестр, жарты жыл).

Студенттер «Science» пәнінен практикалық сабақтарға зерттеу жүргізу мақсатында (мүмкін болса) зертханалық жұмыстарға қатысуға шақырады.

**Экстернат (қатыспау)** - 11-сыныпқа қатыспай, бірақ бағдарлама талаптарын орындай отырып, 10 сыныптан бірден мемлекеттік емтихан тапсыруға өту:

- барлық білім алу кезеңі аралығында оқытылған пәндер бойынша "4" және "5" деген бағалар алған білім алушыларға.

## МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТЫЛҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

### Оқушыларды қабылдау офисінің жетекшісі

- Ата-анаға мектепке қабылдау тәртібі туралы ақпарат береді, студент туралы Ақпараттық Үлгінің толтырылуына жауап береді (1-ші қосымша)
- Мектептің ішіне саяхаттауды ұйымдастырады
- Егер қажет болса мектеп директорымен, орынбасарымен кездесуді жоспарлайды
- Бастауыш/орта мектеп директорымен, орынбасарымен тестілеу уақытын келістіреді және бұл жөнінде ата-ананы ақпараттандырады
- Тестілеуге бір күн қалғанда (кем дегенде) түсу тестілерінің көшірмелерін дайындайды
- Тестілеу кезінде студенттерді бақылайды
- Ата-анадан талап етілетін құжаттарды алады (3-ші қосымшадағы тізімге сәйкес)
- Тестілеуден өткен соң ата-аналары және бастауыш/орта мектеп директорымен кездесуді ұйымдастырады
- Оқуға қабылдау мәселесі бойынша қабылданған шешімді ата-аналарға хабарлайды
- Оқуға қабылданған студенттердің ата-аналарымен келісімшартқа қол қойылуды ұйымдастырады
- Оқуға қабылданған кейін бір жұмыс күні барысында жаңа студент туралы ақпаратты мектептің дерекқорына (оның ішінде алфавиттік кітапқа) енгізеді
- Оқуға қабылданған кейін бір жұмыс күні барысында кадрлар инспекторы мен мектеп дәрігерін жаңа студент туралы ақпараттандырады

### Бастауыш/орта мектеп директоры, орынбасары

- Қажет болған жағдайда ата-аналармен кездесіп, оларды мектеп бағдарламалары мен ережелері туралы хабардар етеді
- Тестілеудің нәтижелерін қарастырады
- Баламен және оның ата-анасымен сұхбаттасады
- Мектеп бағдарламалары бойынша үміткердің сәтті оқу мүмкіндіктерін бағалайды
- Мектеп директорына баланы мектепке қабылдауға қатысты ұсынысын береді
- Оқуға түскен жағдайда сабақтың басталатын күнін белгілейді
- Мұғалімдерге жаңа студент туралы ақпарат береді

### Мектеп директоры

- Қажеттілігіне қарай, мектеп бағдарламалары мен ережелері туралы ақпараттандыру мақсатында ата-аналармен кездеседі
- Түпкілікті болып табылатын қабылдау туралы шешімді қабылдайды

### Психолог

- Әлеуметтік және жалпы оқу дағдыларының деңгейін бағалайды
- Бейімделу және сынақ мерзімі кезінде жаңа келген студенттермен мониторинг жүргізеді
- Айына бір рет бастауыш/орта мектеп директорына/орынбасарына немесе тәрбие ісі жөніндегі оқу меңгерушісіне жаңа келген студенттердің үлгерімі (жақсы/нашар) туралы есеп береді

## Мектеп дәрігері

- Оқушыларды қабылдау офисінің жетекшісінен студенттің денсаулығы туралы құжатты алып, ондағы ақпаратпен танысады
- Студенттің денсаулығына қатысты қажет мәліметтерді сәйкес қызметкерлерге береді
- Студент денсаулығы жөнінде ақпараттарды қарастыру мәселесінде қажетті құпияны сақтайды

## Сынып жетекшісі

- Студент туралы құжатпен танысып, пән мұғалімдеріне қажетті мәліметтерді береді
- Студентті алғашқы күні сабақтың басталмай тұрып күтіп алады
- Жаңа студентті сыныпқа таныстырады және оны мектеппен таныстырады
- Жаңа студентті ақпаратпен, қажетті ресурспен, атап айтқанда күнделік, локер, сабақ кестесі, т.б. қамтамасыз етеді.
- Студентті мектептегі ережелер мен талаптармен таныстырады және оған Студенттер мен Ата-аналарға арналған басшылықтың көшірмесін береді. Ата-аналармен кездесіп, олардың мектептегі оқу-тәрбие процесіндегі рөлі туралы талқылау жүргізеді
- Студент мониторингін жүргізіп, оған бейімделу кезеңінде қолдау жасайды

## Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар

- Қабылдау Ережелерімен, оқу бағдарламаларымен, мектептің басқа да ережелері мен талаптарымен танысады
- Қабылдау туралы өтінішті толтырып, студент туралы қажетті ақпаратты береді
- Тестілеу күнін оқушыларды қабылдау офисінің жетекшісімен келістіріп, баланың тестілеуге дер кезінде келіп қатысуын қамтамасыз етеді
- Баланы оқуға қабылдаған жағдайда оның денсаулығы туралы өте дәл ақпаратты әкеліп беруді қамтамасыз етеді және қажетті құжатты береді
- Тәрбиелеу/оқыту келісімшартына қол қояды
- Түсу жарнасын және келісімшартқа сәйкес оқуға төленетін соманы төлейді
- Сынақ мерзіміне қабылданған студенттерге қажетті қолдау көрсетеді

## ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ҚҰЖАТТАР

Бұл құжаттар тізімі мектепке қабылдауға өтініш жазар кезде ата-аналарға (оларды алмастыратын тұлғаларға) беріледі.

- Алдыңғы жылдардағы оқуы туралы ақпарат (табель)
- Емтихан тапсырғаны туралы куәлік
- Бітіру емтиханының нәтижесі
- Қолында бар ұсынымхаттар (рекомендация)
- Студенттің екі фотосуреті ( төлқұжатқа түсетін өлшем)
- Баланың төлқұжатының көшірмесі
- Ата-ананың (әрқайсысының) немесе оларды алмастыратын тұлғаның төлқұжатының көшірмесі

- Баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі

Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін түсу жарнасы және келісімшартқа сәйкес оқудың төлемақысы төленген түбіртектің көшірмесі беру қажетті.

#### **ҚОСЫМША**

**1 қосымша** «Студент туралы ақпарат» үлгісі

**2 қосымша** Тестілеу қорытындысы

**3 қосымша** «Мектеп құжаттарымен танысу» үлгісі

**4 қосымша** Студент денсаулығы картасы

Соңғы 12 айдағы Бала денсаулығы туралы жазбалар мен егу картасы

**5 қосымша** Тәрбие/оқытуға жасалған келісімшарт және оқу тарифі